

Ақсу өңірі бойынша Қазақстан Республикасы Президенттігіне кандидаттардың үгіт баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды және сайлаушылармен кездесулер өткізуге арналған үй-жайларды белгілеу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Ақсу қалалық әкімдігінің 2011 жылғы 03 наурыздағы N 160/2 қаулысы. Павлодар облысы Ақсу қаласының Әділет басқармасында 2011 жылғы 03 наурызда N 12-2-170 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақсу қалалық әкімдігінің 2013 жылғы 21 тамыздағы N 551/4 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақсу қалалық әкімдігінің 21.08.2013 N 551/4 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық Заңының 28-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына сәйкес қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Президенттігіне кандидаттардың Ақсу өңірінің үгіт баспа материалдарын орналастыру үшін орындар 1-қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Президенттігіне кандидаттардың Ақсу өңірінің сайлаушыларымен кездесулер өткізуге арналған үй-жайлар 2-қосымшаға сәйкес белгіленсін.

3. Ақсу қаласының ішкі саясат, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімдерінің бастықтары, Ақсу кентінің, ауылдар мен селолық округтерінің әкімдері осы қаулымен белгіленген орындарда Қазақстан Республикасы Президенттігіне кандидаттардың үгіт баспа материалдарын орналастыру үшін стендтер, тақталар, тумбалар орнатсын.

4. Ақсу қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 28 ақпандағы "Ақсу өңірі бойынша Қазақстан Республикасы Президенттігіне кандидаттардың үгіт баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу туралы" N 122/2 қаулысының (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде 2011 жылғы 2 наурызда N 12-2-169 болып тіркелген және "Ақжол - Новый путь" қалалық газетінде 2011 жылғы 2 наурызда N 17 жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

5. Қала әкімдігінің осы қаулысы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

6. Қала әкімдігінің осы қаулысының орындалуын бақылау қала әкімі аппаратының басшысы А.Ж. Айтмағамбетовке жүктелсін.

Қала әкімі

О. Қайыргелдинов

КЕЛІСІЛДІ:

Ақсу қалалық аумақтық сайлау
комиссиясының төрағасы Б. Әбдірахманов

2011 жылғы 01 наурыз

Ақсу қаласы әкімдігінің 2011 жылғы
3 наурыздағы N 160/2 қаулысына
1-қосымша

Ақсу өңірі бойынша Қазақстан Республикасы Президентігіне кандидаттардың үгіт баспа материалдарын орналастыруға арналған орындар

№ р/с	Қала көшелерінің және өңірдің ауылдық елді мекендерінің атауы	Жарнама қалқандарының орналасқан жері
1	Ақсу қаласы, Ленин көшесі	"Супермаркет" дүкені ауданындағы автобус аялдамасы (4-ші шағын аудан)
2	Ақсу қаласы, Карл Маркс көшесі	Жас натуралистер станциясы ауданындағы автобус аялдамасы
3	Ақсу қаласы, Әуезов көшесі	"Нива" дүкені ауданындағы автобус аялдамасы
4	Ақсу қаласы, Астана - Қамзин көшесінің қиылысында	"Дихан" дүкені ауданындағы автобус аялдамасы
5	Ақсу қаласы, Әуезов көшесі	"Достық" базары ауданындағы автобус аялдамасы
6	Ақсу қаласы, Астана - Әуезов көшесінің қиылысында	"Диром" дүкенінің ауданындағы автобус аялдамасы
7	Ақсу қаласы, Вокзальная көшесі	"Отан" қоғамдық ұйымы ғимаратының ауданында
8	Ақсу қаласы, Астана көшесі	"Айсұлу" дүкені (меншік иесінің келісімі бойынша)
9	Ақсу қаласы, Қамзин көшесі	"Дәулет" дүкені ауданында
10	Ақсу қаласы, Әуезов көшесі	"Чайка" дүкені ауданында
11	Ақсу қаласы, Энтузиастов көшесі	Автобус аялдамасы
12	Ақсу қаласы, Астана көшесі	Автобус аялдамасы
13	Ақсу кенті	"Юбилейный" дүкенінің ауданында және пошта ауданында
14	Қалқаман ауылы	Стадион ауданындағы Ленина көшесінде
15	Айнакөл селолық округі	"Ақсу қаласы Айнакөл селолық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің ғимаратының ауданында
16	Ақжол селолық округі	"Ақсу қаласы Ақжол селолық округінің орта мектебі" мемлекеттік мекемесінің ғимаратының ауданында
17	Алғабас ауылы	"Ақсу қаласы Алғабас ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің ғимаратының ауданында

18	Достық селолық округі: Достық ауылы Пармоновка ауылы	"Ақсу қаласы Достық селолық округінің орта мектебі" мемлекеттік мекемесінің ғимаратының ауданында; "Ақсу қаласы Достық селолық округі Пармоновка ауылының орта мектебі" мемлекеттік мекемесінің ғимаратының ауданында
19	Жолқұдық селолық округі	"Ақсу қаласы Жолқұдық селолық округі Қ. Қамзин атындағы орта мектебі" мемлекеттік мекемесінің ғимаратының ауданында
20	Евгеньевка селолық округі	"Юбилейный" дүкенінің ауданындағы Ю. Гагарин көшесінде
21	Еңбек селолық округі	"Ақсу қаласы Еңбек селолық орта мектебі" ғимаратының ауданында
22	Мамаит Омаров атындағы селолық округі	"Ақсу қаласы М. Омаров атындағы селолық округі Жамбыл орта мектебі" мемлекеттік мекемесінің ғимаратының ауданында
23	Құркөл селолық округі	"Ақсу қаласы Құркөл селолық округінің С. Дөңентаев атындағы орта мектебі" ғимаратының ауданында
24	Қызылжар селолық округі	Қызылжар ауылында мәдениет үйі ғимаратының ауданында
25	Пограничный селолық округі	"Ақсу қаласы Пограничный селолық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің ғимаратының ауданында
26	Сарышығанақ селолық округі	"Ақсу қаласы Сарышығанақ селолық округінің орта мектебі" мемлекеттік мекемесінің ғимаратының ауданында
27	Үштерек ауылы	"Ақсу қаласы Үштерек ауылының орта мектебі" ғимаратының ауданында

Ақсу қаласы әкімдігінің 2011 жылғы
3 наурыздағы N 160/2 қаулысына
2-қосымша

Қазақстан Республикасы Президентігіне кандидаттардың Ақсу өңірі сайлаушыларымен кездесулер өткізуге арналған үй-жайлардың тізбесі

Елді мекендердің атауы	Өткізу орны
Ақсу қаласы, Әуезов көшесі, 8	Қалалық мәдениет сарайы
Ақсу қаласы, Астана көшесі, 37	Балалар шығармашылық үйі
Ақсу кенті, 8 Март көшесі, 406	Мәдени-сауық орталығы
Қалқаман ауылы, Степная көшесі, 15	Мәдени-сауық орталығы
Алғабас ауылы, Айманов көшесі	Мәдени-сауық орталығы
Үштерек ауылы, Ленин көшесі, 21	Мәдени-сауық орталығы
Айнакөл селолық округі, Айнакөл ауылы, Школьная көшесі, 9	Мәдени-сауық орталығы
Ақжол селолық округі, Ақжол ауылы Әбдіров көшесі, 3	Мәдени-сауық орталығы
	Мәдени-сауық орталығы

Достық селолық округі : Достық ауылы, Линия көшесі, 1 Парамоновка ауылы, Ленин көшесі	Мәдени-сауық орталығы
Евгеньевка селолық округі, Евгеньевка ауылы, Гагарин көшесі, 1	Мәдени-сауық орталығы
Еңбек селолық округі, Еңбек ауылы, Школьная көшесі, 7	Мәдени-сауық орталығы
Жолқұдық селолық округі, Жолқұдық ауылы, Ленин көшесі	Мәдени-сауық орталығы
Мәмәйт Омаров атындағы селолық округ, Мәмәйт Омаров атындағы ауыл, Центральная көшесі	Мәдени-сауық орталығы
Құркөл селолық округі, Құркөл ауылы, Ленин көшесі, 18	Мәдени-сауық орталығы
Қызылжар селолық округі, Қызылжар ауылы, Гагарин көшесі, 1	Мәдени-сауық орталығы
Пограничный селолық округі, Пограничник ауылы, Целинная көшесі, 2	Мәдени-сауық орталығы
Сарышығанақ селолық округі, Сарышығанақ ауылы, Школьная көшесі	Мәдени-сауық орталығы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК